


Қазақша нұсқа



31 наурыз 2026

AI in Healthcare: әлемнің үздік командалары қатарында!

Атырау университетінің командасы CAU Tech Summit 2026 аясындағы халықаралық хақатон финалында 17 елден келген 300-ден астам команда арасынан үздіктер қатарына еніп, 18-орынға ие болды.

[Толығырақ](#)



26-28 наурыз 2026

DIGITAL QAZAQSTAN 2026 | Шымкент

Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің оқытушылары мен білім алушылары цифрландыру, жасанды интеллект, GovTech және стартаптар талқыланған халықаралық форумға қатысты.

[Толығырақ](#)



26 наурыз 2026

Шымкент қаласында Уикипедияға мақала жазу бойынша семинар өтті

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Атырау университеті ұйымдастырған семинарға Шымкенттегі 8 ЖОО-дан 80-нен астам оқытушы қатысып, қазақ тіліндегі сапалы контентті дамыту жолдарын талқылады.

[Толығырақ](#)



18 наурыз 2026

Бейбіт Мамраев XXXIII Минск халықаралық кітап көрмесіне қатысуда

Директорлар кеңесінің төрағасы Бейбіт Мамраев ТМД-ның 35 жылдығына арналған Минск халықаралық кітап көрмесіне және "Жазушы және уақыт" симпозиумына қатысты.

[Толығырақ](#)



18 наурыз 2026

Ұлттық киім - ұлт рухының салтанатты шеруі

Наурызнама онкүндігі аясындағы Ұлттық киім шеруіне университет ұжымы мен студенттері қатысып, ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеуге үлес қосты.

[Толығырақ](#)



10 наурыз 2026

Алаш қозғалысына арналған халықаралық ғылыми семинар өтті

Ахмет Аққали Қабижанұлының 60 жылдығына арналған семинарда Қазақстан мен шетел ғалымдары Алаш қозғалысы, қазақ мемлекеттілігі және ұлттық жаңғыру мәселелерін талқылады.

[Толығырақ](#)

Қазақша нұсқа



5 наурыз 2026

Нидерланд елшілігінің өкілдерімен кездесу өтті

Нидерланд Корольдігі Елшілігінің өкілдері университетте ауыл шаруашылығы, жасыл білім беру, тағылымдама және жоғары технологиялық өндіріс бағыттарындағы ынтымақтастықты талқылады.

[Толығырақ](#)



4 наурыз 2026

"Жаңа Конституция - жарқын болашақ" гала-концерті өтті

Жайық-Арена мәдени-спорт кешенінде өткен гала-концертке 2500-ге жуық адам қатысып, конституциялық жаңғыртулардың қоғам мен білім саласындағы маңызы кеңінен насихатталды.

[Толығырақ](#)



26 ақпан 2026

Атырау облысының прокуроры студенттермен кездесті

Атырау облысының прокуроры Мадияр Басшыбаев ІТ және құқық саласындағы студенттермен кездесіп, киберқылмыс, интернет-алаяқтық, есірткі қылмысы және цифрлық қауіпсіздік мәселелерін талқылады.

[Толығырақ](#)



13 ақпан 2026

Өзбекстан Бас консулы шетелдік білім мүмкіндіктері туралы кездесу өткізді

Өзбекстан Республикасының Бас консулы студенттерге шетелде білім алу, халықаралық бағдарламалар, академиялық ұтқырлық, гранттар мен стипендиялар туралы ақпарат берді.

[Толығырақ](#)



13 ақпан 2026

"Сталкингті тоқтат: қауіпсіз қоғамға бірге қадам!" форумы өтті

Форум жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, сталкинг, мәжбүрлі неке және тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін түсіндіруге бағытталды.

[Толығырақ](#)



5 ақпан 2026

Қазақстан - Әзербайжан: білім мен ғылымдағы ынтымақтастық

Халықаралық дөңгелек үстелде Қазақстан мен Әзербайжан ЖОО-ларының өңірлік ынтымақтастығы, білім, ғылым, экономика және мәдени байланыстарды дамыту мәселелері қаралды.

[Толығырақ](#)

Қазақша нұсқа



28 қаңтар 2026

"StartUp-2025" байқауы жеңімпаздарының есептік іс-шарасы өтті

Жеңімпаз жобалардың авторлары бір жылдық нәтижелерін таныстырды. 2025 жылы 4 үздік жобаға бизнес, әлеуметтік, ғылыми және имидждік бағыттар бойынша 10,1 млн теңге грант бөлінді.

[Толығырақ](#)



26 қаңтар 2026

Абзал Құспанмен "Заң мен тәртіп" қағидаты аясында кездесу өтті

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Абзал Құспан студенттермен кездесіп, құқықтық сауаттылық, құқықбұзушылықтың алдын алу және заңға құрмет мәдениеті туралы пікір алмасты.

[Толығырақ](#)



13 қаңтар 2026

Атырау университеті мен Әділет департаменті меморандумға қол қойды

Университет пен Атырау облысының Әділет департаменті Заң клиникасын дамыту, әдістемелік қолдау көрсету және азаматтарға сапалы құқықтық көмекті қолжетімді ету мақсатында меморандумға қол қойды.

[Толығырақ](#)



9 қаңтар 2026

Серік Егізбаевпен өңір жастарының кездесуі өтті

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Егізбаев өңір жастарымен кездесіп, ауыл жастарының бастамалары, ұсыныстары, аграрлық сала мен ғылымды ұштастыру мәселелерін талқылады.

[Толығырақ](#)